

# Таным теориясы.

## Жоспар:

1. Гносеология философиялық білім ретінде.
2. Таным түрлері.
3. Ақиқат мәселесі.

# Таным теориясы қоятын

## сұрақтар:

---

- білім деген не?
- біз оны қалай аламыз?
- адамның ақиқи білімге қолы жете ме?

Бұл сұрақтар философияның өзі сияқты көне болып табылады.

# Таным теориясының дамуы

Білімнің қайнар көзі

Туа пайда болатын идеялар  
концепциясы (Сократ, Платон)

Құдай аяны (діни - идеалистік  
философия)

Объективті дүниенің  
бейнесі (материализм)

# Білім деген не?



**Білім  
дәлелденген  
ақиқат**

**Білім сыртқы  
дүниенің адам  
басындағы  
бейнесі**

**Таным** – қоршаған дүниені адам санасында белсенді бейнелеу процесі. **Таным** – шындықты бейнелеудің жоғары формасы, салыстырмалы ақиқаттан нақты ақиқатқа өту, субъекттің объектке шексіз жақындай түсуін бейнелеу. Таным теориясын философияда **гносеология** немесе **эпистемология** деп те атайды.

### **Танымның екі формасы:**

- сезімдік, түйсіктік таным;
- рационалдық, логикалық таным.

Сезімдік таным – сезімдер мен түйсікті білімнің қайнар көзі деп біледі. (Д.Локк, Беркли. Юм, Мах) ~~Формалары: түйсік, қабылдау, елестету.~~

Рационалдық таным – логика, ойлауды абсолюттендіру, танымның негізі ақыл, парасат деп ұғыну. (Декарт, Спиноза, Гегель.)

Формалары: ұғым, пікір, ой қорытындысы (тұжырым).

Таным процесінде дүниені тануға бола ма, болмай ма деген мәселеге екі түрлі көзқарас бар:

---

- Гностицизм – *дүниені тануға болады, адамның танымдық мүмкіндігін шексіз деп түсінетіндер;*
- Агностицизм – *дүниені тануға болмайды, адамның танымдық мүмкіндігі шектелген деп түсіндіретіндер. (Иммануил Кант).*

**Қазіргі заманғы гносеология көбінесе гностицизм бағытын ұстанады.**

# Ақиқат мәселесі.

---

Ақиқат – грекше “алетейа” – “жасырынбаған”, “айғақ” дегенді білдіреді.

Ақиқат – Алла Тағала – дейді Құран Кәрім.

“Ақиқат - біздің білімдеріміздің мәңгі идеяларға сәйкес келуі” (Платон).

“Ақиқат – қоршаған дүниені дұрыс бейнелейтін білім”. (Аристотель).




# Философиялық және ғылыми ақиқаттың ара қатынасы неде?

---

Философияда ақиқат және ақиқат еместің, адасудың ара қатынасы туралы мәселе қойылады. Осылай, **білім ақиқат пен адасудың бірлігі ретінде қарастырылуы мүмкін.**

Философиялық ақиқатты адамгершілік пен сұлулықтың бірлігі деп қарастырады – бұл Сократ ұсынған философиялық деп аталып кеткен үшбұрыш.

# Сократтың философиялық үшбұрышы



ақиқат

адамгершілік

сұлулық

# Ақиқат түрлері:

- Абсолюттік ақиқат – заттар мен құбылыстар туралы толық, жан-жақты қамтылған, жеткілікті білім;
- Объективтік ақиқат – мазмұны субъектіге тәуелсіз, бүкіл адамзатқа да тәуелсіз білім;
- Салыстырмалы ақиқат – объективтік ақиқаттың көріну формасы. Ол шындықты негізінен дұрыс, бірақ толық емес мөлшерде, тек белгілі бір деңгейде бейнелейді.
- Нақты ақиқат. Ақиқаттың нақтылығы. Абстрактілі, тиянақсыз ақиқат жоқ, ақиқат әрқашан нақты.

**Танымда танымның негізгі формасы мен ақиқаттың критерийі практика болып табылады. Практика – адамдардың қрошаған дүние мен өзін өзгертудегі нақты іс-әрекеті, қызметі.**

### **Практиканың негізгі түрлері:**

- Материалдық өндіріс;
- Басқару қызметі;
- Ғылыми эксперимент.

### **Практиканың қызметтері:**

- ақиқат критерийі;
- таным негізі;
- таным мақсаты;
- таным нәтижесі.

---

Назарларыңызға рахмет!